



**БЕКІТЕМІН**

Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ оқу ісі жөніндегі проректоры

А.Хикметов

» 2020 ж.

**2020 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD  
докторантурасының білім беру бағдарламаларына оқуға түсу  
емтиханын қабылдау ережелері**

1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторантурасының білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу емтиханын қабылдаудың осы ережелері (бұдан әрі – Ережелер) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторантурасына, оның ішінде 2014 жылғы 21 мамырдағы ҚР Білім және ғылым министрінің №166 бұйрығы негізінде «Ғылым Ордасы» кешенінің ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп жүзеге асып жатқан бағдарламалары бойынша оқуға түсу емтиханын қабылдау тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережелер 2018 жылы 31 қазанында ҚР БҒМ №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының негізінде жасалған.

3. Оқуға түсу емтиханы мемлекеттік немесе орыс тілінде өткізіледі. Кәсіби мамандану аясындағы шетел тілін бағалау мақсатымен емтихан билеттеріндегі бір сұрағының шетел тілінде жазылуы мүмкін. Түсуші үміткер ондай сұрақтың жауабын сәйкесінше шетел тілінде жазу керек.

4. Оқуға түсу емтиханын қайта тапсыруға болмайды.

5. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторантурасына оқуға түсу емтихандары өткізілуінің осы Ереженің талаптарына сәйкестігін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қабылдау комиссиясы бақылайды.

6. Оқуға түсу емтиханы университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесі бекіткен бағдарламалар бойынша жазбаша түрде өткізіледі. Мүмкіндіктері шектеулі (көру қабілеті бұзылған) тұлғалар емтиханды ауызша тапсырады.

7. PhD докторантурасының білім беру бағдарламаларына оқуға түсу емтиханының өту уақыты мен орнын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қабылдау комиссиясы анықтайды. Оқуға түсу емтиханының бекітілген кестесі университеттің веб-сайтына орналастырылады.

8. Оқуға түсу емтиханының ұйымдастырылуы мен өткізілуіне әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қабылдау комиссиясы мүшелері, пәндік емтихан және шағым комиссияларының мүшелері, кезекші оқытушалар мен Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің құзыретті қызметкерлері тартылады. Оқуға түсу емтихандарына ҚР БҒМ жолдаған уәкілетті органның өкілдері, сондай-ақ университет ректорының бұйрығымен құрылған қоғамдық комиссияның мүшелері бақылаушылар ретінде қатыса

алады. Оқуға түсу емтиханының ұйымдастырылуы мен өткізілуіне бұдан өзге тұлғалардың қатысуына рұқсат берілмейді.

9. Оқуға түсу емтиханын тапсыруға үміткердің кіру рұқсаты келу парағы бойынша жеке басын растайтын құжатпен жүзеге асырылады. Емтиханға кешіккен тұлға емтихан тапсыруға жіберілмейді.

10. Емтихан тапсырушылар келу парағында көрсетілген орындарға сәйкес аудиторияларда отырғызылады.

11. Жазбаша түсу емтиханының ұзақтығы 3 сағат құрайды. Кезекші оқытушылар жазбаша түсу емтиханының өту барысын бақылайды.

12. Түсу емтиханының өту барысы толығымен бейнебақылау арқылы бақыланады, сонымен қатар бейнежазбаға түсіріледі.

13. Түсу емтиханын тапсыру кезінде кез келген түсушіде рұқсат етілмеген электронды немесе қағаз түріндегі көмекші құралдар, қыстырмалы құлаққап және т.б. заттардың болуы немесе қолданғаны емтихан тапсыратын аудиториядағы кезекші оқытушылармен немесе бейнебақылау арқылы анықталып, арнайы актімен тіркелсе, түсушінің емтихан нәтижесінің емтиханды қайта тапсыру құқығынсыз жойылуының негізі болып табылады.

14. Түсушілерге өздерімен бірге аудиторияға ұялы телефон немесе баска мобильды байланыс құралдарын алып кіруге тиым салынады. Ұялы телефон немесе мобильды байланыс құралдардың болуы түсушіні емтиханнан оны қайта тапсыру құқығынсыз шығаруға негіз болып табылады.

15. Түсу емтиханының жазба жұмыстарын тексеру бейнебақылау камераларымен жабдықталған арнайы аудиторияларда пәндік комиссиясы мүшелерімен шифрланған күйінде жүзеге асырылады.

17. Емтихан жұмысында емтихан сұрақтарына жауаптарының мазмұнына жатпайтын, сондай-ақ танылу амалы есептеле алатын жазулар, суреттер, белгілер, фразалар табылған жағдайда, ондай жұмыстың күші жойылады және ол тексерілуге жіберілмейді.

18. Әрбір сұрақтың жауабы 100 балдық шкала негізінде бағаланады. Емтиханның қорытынды бағасы емтихан билетінің сұрақтарына қойылған барлық бағаның орташа арифметикалық бағасымен шығарылады.

19. Оқуға түсу емтиханының нәтижелері емтихан өткен күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің сайтына орналастырылады.

20. Емтихан нәтижесімен келіспеген түсуші емтиханнан кейін және нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін шағым комиссиясының төрағасы атына Қабылдау комиссиясына өтініш беруге құқылы.

21. Түсуші шағымдық өтініш берген жағдайда шағымды қарастыру емтихан жұмысына негізделеді.

22. Шағым комиссиясы барлық тұлғалармен жеке тәртіпте жұмыс жасайды. Өтініш берген тұлға шағым комиссиясының отырысына келмеген жағдайда шағымы қараусыз қалдырылады.

23. Шағым комиссиясының шағым қарастыру барысында өтініш беруші тұлға жеке басын куәландыратын құжатын көрсету тиіс.

24. Шағым комиссиясының шешімі комиссия мүшелерінің барлық дауыстарының көпшілігімен қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Шағым комиссиясының жұмысы төраға мен комиссияның барлық мүшелері қол қойылған хаттамамен рәсімделеді. Оқуға түсу емтиханы жөніндегі шағымдардың қарастырылу нәтижелерін Қабылдау комиссиясы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ веб-сайтына орналастыру арқылы түсушілерге хабарлайды.

25. Осы Ережемен реттелмеген сұрақтарды Қабылдау комиссиясы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің нормативтік және құқықтық актілері және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ішкі нормативтік құжаттары негізінде шешеді.